

Кімге: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Автордың аты-жөні және лауазымы: Кәдірбеков Медет
Кәдірбекұлы, Бесқарағай ауданы білім бөлімінің басшысы

Күні: 24.01.2025 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Материалдық-техникалық базаны шектеулі қаражат жағдайында нығайту және дамыту мәселелері

Кілт сөздер: Ұжымның береке-бірлігі, оқушыларға сапалы білім мен тәжірибе беру.

Кіріспе

Аудандағы техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұымдарының материалдық-техникалық базасының ескіруіне байланысты студенттердің теориялық және практикалық тәжірибесі тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы болып табылады. Себебі, жұмысшы мамандығының беделінің төмендігі.

Негізгі бөлім

Проблемалық жағдай

2000 жылдан бері аудандағы техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұымдарының оқу ғимараттары мен материалдық техникалық базасының ескіруіне күә болдық. Жоғарыда айтылған жағдай студенттердің тиісті деңгейде білім мен тәжірибе алуына мүмкіндік бермей келген. Сондықтан аталған факторлардың білім саласына теріс әсер ететін салдарын қарастырайық.

1. Студенттердің білім сапасына *(оқуды бітіріп шығып, жұмысқа орналасу алдында жұмыс берушімен әгіңмелесуден өтпей қалу қауіпі, алғашқы еңбек жолын бастағанда қиындықтар туындауы);*
2. Мекеменің бәсекеге қабылеттілігіне *(Облыстық, республикалық шараларға мен сайыстарға қатыса алмауы немесе жүлделі орындардың болмауы, сапаның төмендеуі);*
3. Мекеменің дамуына *(Тиісті деңгейде қаражаттың бөлінбеуі, өздігімен бюджеттен тыс қаражат тарту мәселесін ұйымдастыра алмауы);*
4. Оқытушылардың біліктілігінің төмендеуіне *(материалдық-техникалық база, оқулықтар, зертханалардың болмауы немесе ескіруі);*
5. Қоғамның, ата-ананың білім ордасына деген сенімінің болмауына *(Мекеменің бәсекеге қабылеттілігінің төмендігі,*

оқытушылардың білімі мен сапалық құрамының жетіспеушілігі, МТБ-ың ескіруі);

6. Аудандағы шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарына білікті маман дайындап бере алмауы, келісімшартқа, ынтымақтастыққа білім беру мекемесімен келісім бермеуі *(Кәсіпорындардың қажеттілігіне қарай білікті маман даярлап бере алмауы);*
7. Дуалды оқыту жүйесінің іске аспауы *(Шаруа қожалықтарының әл ауқатының төмендігі, тиісті жұмыс орынын қамтамасыз етпеуі);*
8. Бітірушілердің жұмысқа орналаса алмауы *(Ауданда ірі шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарының болмауы);*
9. Жалпыға міндетті білім беру стандарттың орындалмауы *(Жоғарыда аталған мәселелердің формалды іске асуына байланысты);*
10. Мемлекеттік тапсырыстың орындалмауы *(Студенттерді оқуға қабылдаудағы министрліктің бұйрығындағы регламенттің сақталмауы, аудандағы халық санының аздығы, студенттердің қалалық колледждеріне кетіп қалуы, көшіп кету мәселесі).*

Жоғарыда аталған мәселелер ТЖКОББ саласының кейбір аудандағы білім беру мекемелеріне кері әсерін берді.

2011-2012 жылдардан бастап аздап мемлекет тарапынан бюджет бөлініп, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына көңіл бөліне бастады. Жоғарыда айтылған студенттердің білім сапасы, оқытушылардың құзыреттілігі, кәсіпорындардың әл ауқаты, дуалды оқыту жүйесі, жұмысқа орналасау т.б. өзекті мәселелер біртіндеп жөнге келе бастады. Айтылған мәселелер әлі күнге дейін бюджет тапшылығына байланысты шешілмей келеді. Олар, МТБ-ың нығайтылуы, цифрландыру, заманауи техникамен қамту.

Проблемалардың шешімдері

ТЖКОББ саласында қызмет жасаған кездегі тәжірибемдегі жағдайға тоқталып кетсек.

2020 жылы Шығыс Қазақстан облыстық білім басқармасының «Күршім колледжі» КММ-ің директоры қызметіне тағайындалдым. Аталған мекемені қабылдап алғанда мекеменің МТБ-ы, ғимараты кеңес заманынан кейін ағымдағы, күрделі жөндеуден өтпеген жағдайда болған. Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында, бюджеттік өтінімде сұралған қаражатты қанағаттандырмауына байланысты МТБ-ны нығайту, жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында шешімін табуды қарастырдық.

Мекемені жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаттардың құны 80 млн. мөлшерінде қаражат қажет етті. Алайда, біздің мақсатымыз бірінші кезекте мекеме бюджетінің әр тиынын тиімді пайдалануды жоспарлап, бюджеттен тыс ақша тартып, демеушілер іздей бастадық.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы ретінде жұмыстарды бастау үшін адами ресурс бізге жеткілікті болды (жұмысшылар, ө.о. шеберлері, студенттер, волонтерлар). ББ мекемелеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі БЖҒМ 117 бұйрығындағы талапқа сай болуы мақсатында «Электргазбен дәнекерлеу» мамандығын пайдалана мекеменің сыртқы қоршауын практикалық жұмыстар ретінде студенттер, ө.о.шеберлері, жұмысшылар күшімен дәнекерлеу жұмыстары арқылы темір бағандармен, профильды құбырлармен талапқа сай 200 метр жер жаңадан қоршалып, кіреберісіне арка салынып, мекеменің алды тәртіпке келтірілді.

«Сылақшы», «Электргазбен дәнекерлеуші» мамандықтарының күшімен төсеніш аппаратын құрап шығарып (*вибростол, төсеніш қалыптары т.б. қажетті құралдар*) колледж ауласын абаттандыру мақсатында 700 м² көлемінде төсеніш төселді. Сонымен қатар жұмысшылар, ө.о.шеберлері, студенттер күшімен 320 м² құрайтын жылыжай салынды.

«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша жоғарыда айтқандай бала тиісті деңгейде біліктілік алу мақсатында демеушілердің көмегімен зертханаларға **автокөтергіш, токарлық станок, кілттер жиынтығы** т.б. құралдармен жабдықталды.

Осы командамен мекеменің ішкі қабырғаларын, оқу кабинеттерін, акт залы, әкімшілік бөлімдерінің сылау жұмыстарын, еденге төсеніш төсеу, есіктерді ауыстыру, оқу кабинеттерін жөндеу жұмыстары атқарылды.

Марқакөл ауданы табиғи қазба байлыққа, әр-түрлі өсімдік, шөптер, қызыл кітаптағы аңдарға бай мекен болғандықтан үш бөліктен тұратын музей жабдықталып, ашылды. (Этнография, Марқакөл қорығы, ауданының тарихы).

Осындай ұқсас жағдай тәжірибесін Абай облысының «Бесқарағай колледжі» КММ-де іске асырдық.

Бюджет қаражаты шектеулігіне байланысты аталған колледжде «Жеміс-көкөніс өсіруші», «Орман шаруашылығы», «Ландшафттық дизайн», «Аспазшы» мамандықтарында оқитын балалардың өндірістік-практикалық тәжірибе алуына жағдай жасалмаған болды. Аталған мәселені шешу мақсатында 520 м² құрайтын оқу-өндірістік зертхана салынды. Зертхана орман шаруашылығының практикасы мен теориясына, ландшафттық дизайн құзыреттілік орталығы, жеміс-көкөніс өсіруші мамандықтарының зертханалық жұмыстарын өткізу үшін және білікті студенттер болу мақсатында жағдай жасалды. Сонымен қатар аспазшы, кондитер мамандықтарының лабораториялық кабинеті талапқа сай жабдықталып, студенттер жарыста нәтиже көрсете бастады.

Ауданда мал шаруашылығының дамуына байланысты жаңадан «Ветеринария» мамандығының лабораториялық-практикалық және теориялық кабинеттері жабдықталды.

Қорытынды

Қазақстан жас мемлекет болғандықтан көп жылдан күрделенген проблемалар бүгінгі күні тек қана бюджеттің күшімен шешу мүмкін еместігін білеміз. Қандай да бір даму үшін барлық маселе қаражатқа келіп тіреледі.

Жоғарыда аталған екі мекемеде атқарылған жұмыстар жобалық-сметалық құжаттың негіздемесімен есептегенде 130 млн. теңге мөлшерінде қаражат қажет еткен, алайда 40 млн. теңге мөлшерінде қаражат жұмсап жұмыстарды аяқтадық.

Бюджет есебінен тиісті деңгейде қаражат қарастырылмаған кезеңде материалдық-техникалық базаның нығайуын тоқтатпай дамыту (бюджеттен тыс қаражат табу, спонсорлық көмектер) арқылы шешімдер тауып, білім алушылардың білікті маман болуына лайықты жағдай жасау басты міндет.

Ұсынымдар

- ✓ Білім беру ұйымдарындаға жұмысшы штаттарын көбейту.
- ✓ Кіші қамту қызметкерлерінің жалақысын өсіру.
- ✓ Колледждердің арнайы техникаларын жаңарту.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мекеменің 5 жылға арналған стратегиялық-перспективалық даму жоспары.
2. Зайсан технологиялық колледжі мен ынтымақтастық.
3. Әлеуметтік серіктестердің демеушілігі.
4. «Марқакөл жолдары» ЖШС мен серіктестік.
5. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы мен серіктестік.
6. Бесқарағай ветериналық қызметі мен серіктестік.
7. «Еңбек» қысқа мерзімді курстар, сырттай оқытулар, тауарларды сату.